



БҮЙРЫҚ

01.06.2021

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 23-нк

город Нур-Султан

Тәртіптік комиссия құру туралы

«Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС (бұдан әрі – Серікtestіk) Жарғысының 39-тармағының 11) тармақшасына сәйкес және Серікtestіk қызметкерлерінің тәртіптік теріс қылықтар жасау мәнжайларын жан-жақты, толық және объективті анықтау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Серіktestіk қызметкерлерін тәртіптік жауаптылыққа тарту мәселелерін қарau жөніндегі Тәртіптік комиссия (бұдан әрі – Тәртіптік комиссия) құрылсын.

2. Тәртіптік комиссия туралы ереже осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «Тәртіптік комиссия құру туралы» 06.02.2013 жылғы №23-нк бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Директор

С. Кенжеболат

Серіктестік директорының
2021 жылғы «01» 06
№ 23-НК бүйрігіна
1-қосымша

Тәртіптік комиссияның құрамы

Комиссия төрағасы:

Эсия Рахманбердіқызы Өскенбаева – директордың орынбасары.

Комиссия мүшелері:

Мақпал Ғазизқызы Қалығулова – директордың орынбасары;

Әнуар Ақпар-Құрметтіұлы Кәрібаев – Қолданбалы ғылыми зерттеулер бөлімінің менгерушісі;

Қанат Бөлебайұлы Есжанов – Әкімшілік бөлімінің менгерушісі;

Комиссия хатшысы:

Алмас Ержанұлы Әбжан – Аға сарапшы (зангер-кадршы).

Серіктестік директорының
2021 жылғы «01» 06
№23-НК бүйріғына
1-қосымша

Тәртіптік комиссия туралы ЕРЕЖЕ

1. Тәртіптік комиссияны құрылу тәртібі

1.1. Осы Ереже «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік) Тәртіптік комиссиясының (бұдан әрі – Тәртіптік комиссия) өкілеттіктерін, қызметін ұйымдастыруды және тәртібін айқындайды және Қазақстан Республикасының заңнамасына және Серіктестіктің жарғысына сәйкес әзірленді.

1.2. Серіктестіктің Тәртіптік комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) тәртіпі нығайту және қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру мәселелерін қарайтын консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

1.3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Еңбек кодексін, Серіктестіктің жарғысын, сондай-ақ заңдылық, объективтілік және әділдік қағидаттарын басшылыққа алады.

1.4. Комиссия құрамы Серіктестік директорының бүйріғымен бекітіледі және төрағадан, мүшелерден және хатшыдан тұрады.

1.5. Комиссия жұмысының барлық материалдары Серіктестіктің Әкімшілік бөлімінде сакталады.

2. Тәртіптік комиссияның негізгі міндеттері мен мақсаттары

1.6. Комиссияның негізгі мақсаты Серіктестік жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Серіктестік регламентін, лауазымдық нұсқаулықтарын, «Министрліктер Үйі» ғимаратында өткізу және объektішілік режимдерін қамтамасыз ету жөніндегі Қағидаларды сактаудың қамтамасыз ету болып табылады.

1.7. Комиссия өз қызметінің мақсатына қол жеткізуде мынадай негізгі міндеттерді орындауды:

- барлық қызметкерлердің құқықтары мен заңды мұдделерінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

- қызметкерлердің еңбек және атқарушылық тәртібін, регламентті бұзу, сондай-ақ лауазымдық міндеттерді тиісінше орындауда фактілерін қарайды;

- Серіктестік қызметкерлерінің өз құқықтарының бұзылуы туралы шағымдарын қарайды;

- қызметкерлердің теріс қылыштарына қатысты фактілерді зерттеу бойынша қызметтік тексерулерді жүзеге асырады;

- қарау нәтижелері бойынша Серіктестік директорына ұсынымдар енгізеді;

- қажет болған жағдайда, егер тексеру нәтижелері бойынша қылмыс не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері байқалса, кінәлі адамдарды занда белгіленген жауаптылықта тарту максатында қызметтік тексеру материалдарын тиісті органдарға береді.

2.3. Комиссия өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді өз отырыстарында қарайды. Комиссия отырыстарына міндетті түрде құқық бұзушылық (теріс қылыш) жасаған қызметкер қатысуға тиіс. Сондай-ақ қажет болған жағдайда Серіктестіктің басқа да қызметкерлері шакырылуы мүмкін.

2.4. Қызметкерлер енбек, орындаушылық тәртібін бұзған жағдайда бөлім менгерушілері, кадр қызметінің қызметкерлері, директордың орынбасарлары комиссия отырысында қарау үшін белгіленген тәртіппен тіркелген қызметтік жазбаны дайындайды;

2.5. Комиссия З жұмыс күні ішінде бұзушылық (теріс қылыш) жасау фактісін қарастыра, қорытынды беруге және теріс қылыш жасалғанын растайтын фактілер болған кезде жаза қолданудың орындылығы мен оның түрі туралы Серіктестік директорына қажетті ұсынымдар енгізуге міндетті;

2. Комиссия тәрағасы

1.8. Комиссияның жұмысына басшылық жүргізуді және оның қызметін үйимдастыруды Серіктестік директорының бүйрығымен айқындалатын Тәртіптік комиссияның тәрағасы жүзеге асырады.

1.9. Комиссия тәрағасы болмаған кезде оның міндеттерін Комиссия тәрағасының орынбасары атқарады. Комиссия тәрағасының орынбасарын комиссия мүшелері өз құрамынан мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен сайлайды.

1.10. Комиссия Тәрағасы:

- комиссия отырыстарын шақырады және оларға тәрағалық етеді;

- комиссия отырыстарында мәселелерді талқылауды, сондай-ақ отырыска қатысуға шакырылған тұлғалардың пікірлерін тындауды үйимдастырады;

- комиссия отырысының хаттамасын жасауды үйимдастырады және оған қол кояды;;

- комиссия мүшелері арасында міндеттерді бөледі;

- өзіне жүктелген міндеттерді орындау барысында Комиссия қабылдаган құжаттарға қол кояды;

3.4. Комиссия хатшысы мынадай функцияларды орындайды:

- комиссия отырысы өткізілгенге дейін 2 жұмыс күні қалғанда комиссия мүшелеріне қажетті материалдарды жібереді;
- комиссия отырысына дейін 2 жұмыс күні қалғанда отырыстың күн тәртібін қалыптастырады, оны төрағамен келіседі және оны Комиссия мүшелеріне таратуды жүзеге асырады;
- комиссия отырысының хаттамасын жүргізеді, отырыс хаттамаларының базасын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

2. Тәртіптік комиссия мүшелерінің құқықтары

1.9.1. Комиссия мүшелерінің құқығы бар:

- Серіктестіктің еңбек және орындаушылық тәртібін бұзу фактілері туралы қызметтік жазбаларды, қызметкерлердің шағымдарын қарауға қабылдау;
- мәселені өз бетінше зерттеу үшін қосымша ақпарат пен материалдарды сұрату;
- Қызметкерлердің пікірлерін тыңдау және заңсыздыққа қатысты барлық фактілерді зерттеу.

2. Тәртіптік комиссия мүшелерінің міндеттері

2.1.Комиссия мүшелері міндетті:

- Комиссия отырыстарына жеке өзі қатысуға құқылы;
- бұзушылық жасаған қызметкердің түсініктемелерін тыңдау;
- егер енгізілген ұсыныстарды қараудың қосымша мерзімдері айтылmasa, уактылы шешім қабылдауға міндетті.

2.2. Комиссияның ұсынымдары ашық дауыс беру жолымен қабылданады және Серіктестік директорына жіберіледі. Комиссия мүшелері белгілі бір дәрежеде өз пікірін айтуға және дауыс беру кезінде қалыс қалмауы керек. Комиссияның шешімдері жай көпшілік дауыспен қабылданады. Берілген дауыстар тен болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.